

БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҰРҒЫДАН ҚОРҒАУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТИҢ МАҢЫЗЫ

Түйіндеме

Ұсынылып отырған мақала жоғарғы оқу орындарында «әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша білім алып жатқан болашақ әлеуметтік педагогтардың әлеуметтік-құқықтық дайындығының жоғары деңгейін, құқықтық құндылықтардың қалыптастыруына баса назар аударады. Мақсаты болашақ әлеуметтік педагогті балалық шақты әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан қорғауға дайындау мүмкіндіктері туралы жалпы педагогикалық, құқықтық көзқарасты кеңейту болып табылады. Жоғары оқу орындарында оқыту теориясы бойынша болашақ әлеуметтік педагогті балалық шақты әлеуметтік-құқықтық қорғауға дайындаудың педагогикалық шарттары туралы жүйелі түрде баяндалған. Авторлар болашақ әлеуметтік педагогті балалық шақты әлеуметтік-құқықтық қорғауға дайындау оның негізгі бағыттары мен қағидаттарының, субъектілері мен объектілерінің, баланы әлеуметтік-құқықтық қорғаудың нысандары мен әдістерінің жиынтығын біріктіретін әлеуметтік-құқықтық қорғау жүйесін құруға кәсіби және жеке

ULUSLARARASI TÜRK
DÜNYASI
ARAŞTIRMALARI DERGİSİ
INTERNATIONAL
JOURNAL OF TURKISH
WORLD STUDIES
CİLT 5 / SAYI 3 / TEMMUZ
2022

Sorumlu Yazar
Corresponding Author

Г. Ж. МЕҢЛІБЕКОВА
С. Б. БЫБРАЙ

П.ғ.д., профессор,
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университеті,
gmen64@mail.ru
Докторант, Л.Н.Гумилев
атындағы Еуразия ұлттық
университеті,
sayat_ibrai@mail.ru

Gönderim Tarihi
Received
30.05.2022

Kabul Tarihi
Accepted
01.07.2022

Atf,
МЕҢЛІБЕКОВА, Г. Ж.,
БЫБРАЙ, С. Б. (2022).
“Балалық Шақты
Әлеуметтік-Құқықтық
Тұрғыдан Қорғаудағы
Әлеуметтік Педагогтің
Маңызы”, *Uluslararası
Türk Dünyası Araştırmala-
rı Dergisi*, (5/3), 163-176.

ARAŞTIRMA MAKALESİ
RESEARCH ARTICLE

дайындығын қамтамасыз етеді деп есептейді. Теориялық талдау негізінде «балалық шақ» әлеуметтік-құқықтық қорғаудың объектісі ретінде анықталды және «құқықтық мәдениет», «педагогикалық мәдениет» мәселелері қарастырылды. Баланы әлеуметтік-құқықтық қорғаудың мазмұны мен нысандары, баланың құқықтары мен қадір-қасиеттерін қорғаудың нормативтік-құқықтық базасы анықталды. Балалық шақты әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан қорғау технологиясының мазмұнының тұжырымдамалық тәсілдерін түсінуді, аталған бағыт бойынша білім бағдарламаларына пәннің енуін, ауқымын кеңейту ұсынылды.

Тірек сөздер: балалық шақ, әлеуметтік-құқық, әлеуметтік педагог, құқық.

THE IMPORTANCE OF A SOCIAL PEDAGOGUE IN THE SOCIAL AND LEGAL PROTECTION OF CHILDHOOD

Abstract

The proposed article actualizes the importance of a high level of socio-legal training and the formation of legal values of future social educators studying at the university in the specialty "Social Pedagogy". The purpose of the article is to expand the general pedagogical, legal understanding of the possibilities of preparing the future social worker of a teacher for the socio-legal protection of childhood. The theory of education in higher educational institutions, pedagogical conditions of preparation of the future social pedagogue for the socio-legal protection of childhood are systematically presented. The authors believe that the preparation of a future social pedagogue for the socio-legal protection of childhood ensures his professional and personal readiness to create a system of socio-legal protection that combines a set of main directions and principles, subjects and objects, forms and methods of socio-legal protection of the child. On the basis of theoretical analysis, childhood was defined as an object of social and legal protection and issues of legal culture and pedagogical culture were touched upon. The content and forms of social and legal protection of the child, the regulatory framework for the protection of the rights and dignity of the child are determined. It is proposed to expand the understanding of conceptual approaches to the content of the technology of socio-legal protection of childhood and to introduce an academic discipline in educational programs in this area.

Key Words: childhood, social and legal, social teacher, law.

Кіріспе

Бүгінгі күнде қоғамда қалыптасқан әлеуметтік жағдайларға баға беру, талдау жасау, жалпы түсіну өзекті мәселелердің біріне айналып отырғаны шындық. Ал қоғамдағы бала мәселесі - күн тәртібінен ешқашан түспейтін, басты назарда ұстауды қажет ететін баптардың бірі. Еліміздің өзінде қаншама жетім балалар, жалғыз басты әке я ана, көпбалалы жанұя, жағдайы жоқ, әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасында тәрбиеленіп отырған, зорлық-зомбылыққа ұшыраған, т.б. балалар қанша дерлік. Көптеген жағдайда мәселелер заң аясында шешілетіні белгілі. Қай уақытта болмасын қоғамның дұрыс дамуына, тәртіп пен әділеттілік орнату үшін заңдар қажет.

Адамзат баласының даму тарихында заңдар қоғаммен бірге дамып, анықтамалары өзгеріп отырған. Сондай анықтамалардың бірі Малколм Н. Шоның «Халықаралық құқық» еңбегінде былай дейді: «Құқық - қауым мүшелерінің ортақ құндылықтар мен стандарттарға көзқарасын біріктіретін аса маңызды құндылық. Ол, бір жағынан, қауым мүшелеріне белгілі бір құқықтар беріп, міндеттер жүктеу арқылы өзара келісімге келіп, құқықтық қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік туғызады; екінші жағынан, сол нормаларды бұзғаны үшін мәжбүрлеу шараларымен жазалауды көздейді. Құқық – қоғамдағы мінез-құлықты реттейтін және қоғамның идеялары мен мақсаттарын бейнелейтін нормалар жиынтығы (Малколм, Шо, 2019: 17). Ал мемлекеттің, қоғамның, ата-ананың идеялары мен мақсаты - келер ұрпақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жақсы өмір сыйлау. Сондықтан бұл мақсатқа жетуде заңның орны ерекше болмақ.

Ирландияның балаларды қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру агенттігінің алдын-алу, ерте араласу және отбасын қолдау саласындағы әлеуетін нығайтуға бағытталған бағдарлама тәжірибесінің нәтижесінде жазылған еңбекте «Балаларды қорғау және әлеуметтік қамтамасыз ету жүйелерін құру және қолдау балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мағынасында тиімді және ресурстарды оңтайлы пайдалану жаһандық міндет болып

табылады» (Devaney, McGregor, Shaw, 2022: 174), - деп тұжырымдалған.

Балалық шақты әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан қорғау заман талабы.

Әлеуметтік педагогтің мақсаты – кәсіби әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық, құқықтық көмек беру және баланың я жасөспірімнің жеке тұлға ретінде дамуына септігін тигізу болғандықтан, болашақ кәсіби әлеуметтік педагогтерді дайындау мәселесіне мемлекет тарапынан аса мән берілуі керек. Ал, әлеуметтік педагогтерді дайындаудағы ерекше көңіл аударатын мәселе – балалар құқығын білу. Нақтырақ айтсақ, баланың әлеуметтік құқығын білу. Бұл мәселе әлеуметтік педагогтың негізгі құралдарының бірі я бірегейі болу керек деп есептейміз. Статистикалық мәліметтер бойынша Қазақстанда 2020 жылы тұл жетімдер саны 23 410, он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас және нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де қылмыстық әрекеттер саны 322, жас балаларды азғындату 115, кәмелетке толмаған балаларға қарсы қылмыстық әрекеттерден зардап шеккендер саны 1990, 142 жағдай өлімге әкеліп соқтырған, ата-ана құқығынан 1 669 адам айырылған, мүгедек балалардың жалпы саны 94 660 (<https://bala.stat.gov.kz/kz/category/sotsialnaya-zaschita-detej/>).

Аталған топтардың барлығы дерлік құқықтық, психологиялық көмекке зәру. Егер бұл мәліметтер тек балалар мен жасөспірімдерге байланысты екенін ескерсек, кәсіби арнайы мамандардың жұмыс істеу аясының қандай маңызды һәм қиын екенін көруге болады. Мұндай ауқымды жұмысты атқаратын мамандардың бірі – әлеуметтік педагог.

Жоғары да айтқанымыздай, бүгінгі таңда әлеуметтік педагогтарды кәсіби дайындау мәселесі ерекше назар аударуды қажет етеді. Оған дәлел ретінде соңғы екі жылдың статистикалық мәліметтерін келтірсе де жеткілікті сияқты. Мысалы, 2020 жылы жоғары оқу орындарында әлеуметтік педагогтерді дайындауға мемлекеттік тапсырыс бойынша 260 гранттық орын бөлінген. Осы аталған 260 орынға тек қана 67 талапкерден өтініш түскен. Яғни, 1 орынға 0,26 адам. Ал, 2021 жылы мемлекеттік тапсырыс осы күйінде сақталған, яғни 260. Түскен өтініш саны – 48. Ол дегеніміз

орта есеппен 1 орынға 0,18 адамды құрады (<https://testcenter.kz/stats/statisticheskie-dannye-konkursa>).

Әрине көрсеткіштер қуантарлық емес, болашақта мемлекетте сөз етіп отырған мамандыққа қажеттіліктің арта түсетіндігі анық.

Әлеуметтік педагогтер жеткіліксіз болса да, бірақ сан білім сапасына әсер етпеу керек. Әлеуметтік педагогтерді дайындау барысында білім беру сапасы басқа салаларға, оқу бағдарламаларына қарағанда жиі өзгеріп тұруы тиіс. Себебі, бала я жасөспірім белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығынан, әр уақытта қажеттіліктері мен мүдделерін білдіретіндіктен, оның өзіндік ерекшелігінде әрдайым жаңалық болатыны сөзсіз, демек, оны жеке бас проблемасынан жалпы әлеуметтік маңызы бар деңгейге дейін көтерілуі мүмкін, сондықтан кез келген әлеуметтік проблема оқу жүйесіне де әсер етуге ықтимал екенін ескеріп отыру қажет.

Болашақ әлеуметтік педагогтарды дайындаудағы оқу үдерісіне «Балалық шақты әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан қорғау» сынды арнайы оқу пәнін енгізу қажеттігін ұғынудың маңызы зор.

Балалық шақты әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан қорғау - бала өміріндегі дағдарыстық жағдайлардың алдын-алуға және оларды жеңуге бағытталған мемлекеттік әлеуметтік іс-шаралар жүйесі; баланы қорғау (Мардахаев, 2002:281). Баланы кім қорғайды? Қоғам, қоғамның өкілі – ата-ана, тағы бір басты қорғаушы мемлекет. Мемлекеттің өкілі – түрлі мемлекеттік қызметтер, қоғамдық ұйымдар және мектеп, мектептің өкілі – директордан бастап әрбір мұғалімді көрсетуге болар, бірақ әлеуметтік педагогті ерекше атауға болады.

Бірнеше жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларын талдау барысында пәндердің функционалдық қызмет бағыттарына қатысты пәндердің жеткіліксіз екенін көрсетті. «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығын дайындайтын жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларында «Әлеуметтік-педагогикалық қызметті құқықтық қамтамасыз ету» немесе «Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің нормативтік-

құқықтық негіздері» сынды бір семестрге ғана арналған пәндер бар. Біздің ойымызша, бұл жеткіліксіз және аталған пәндердің оқу бағдарламаларымен танысқан уақытта тек Қазақстан Республикасының заң аясында ғана жасалған. Ал бүгінгі күні жаһандану процесі жүріп жатқан уақытта бала мәселесін әлемдік деңгейде алуымыз қажет. Шетелге кетіп жатқан, тіпті соғыс болып жатқан елдерде де жас Қазақстан Республикасының азаматтары бар екенін қаперден шығармауымыз қажет. Сондықтан да аталған бағыт бойынша бір семестр аясында оқыту мәселесін қайта ойлану керек сияқты.

Жоғары оқу орындарына «Балалық шақты әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан қорғау» оқу курсының енуі, болашақ әлеуметтік педагогтердің кәсіби дамуында ерекше маңызға ие болады. Аталған курсқа байланысты нақты ғылымның негізін құрайтын жүйелі ғылыми зерттеулер жоқ болғанмен, болашақ маманның қалыптасуына белгілі бір үлес қосатыны анық.

«Балалық шақты әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан қорғауды» құқықтық пән ретінде қарастыруға болады немесе әлеуметтік педагогика мен дәстүрлі құқық ғылымының арасындағы пәнаралық бөлек ғылыми пән ретінде де, үшіншіден, әлеуметтік-педагогикалық пән ретінде қарастыруға да болады. Біз үшін, әрине әлеуметтік педагогикалық пән ретінде алу маңызды. Мақсаты - студенттердің әлеуметтік педагогикалық тұрғыдан қарастыра отырып, құқықтық құбылыстарды түсіну және ерекшеліктерімен танысу.

Профессор Л.В. Мардахаев былай дейді: Әлеуметтік педагогика, кез-келген ғылым сияқты, өзіне тән нақты қолданылатын ғылыми категориялары бар. Әлеуметтік педагогиканың негізгі категориялары - оның негізгі компоненттерін көрсететін жалпы және іргелі ұғымдары болады. Оларға: әлеуметтік-педагогикалық процесс, әлеуметтік-педагогикалық қызмет, әлеуметтік даму, әлеуметтік тәрбие, әлеуметтік бейімделу және дезадаптация, әлеуметтену, әлеуметтік оңалту, әлеуметтік-педагогикалық түзету, қайта тәрбиелеу, түзету және т.б. (Мардахаев, 2005:15). Балалық шақты әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан

қорғаудың тұжырымдамалық бөлігінің дамуы әлеуметтік педагогика саласындағы бағдарларына, қазіргі қоғамдағы құқықтық құбылыстарды зерттеу мен түсіндірудің теориялық және қолданбалы зерттеу әдістерін таңдауға оң әсерін тигізери сөзсіз. М.А. Галагузованың төмендегі пікіріне құлақ ассақ: «Жаңа білім дамып, ғылыми ойдың нақты өмірге ену аясы кеңейіп, қоғамның жаңа проблемалары мен қажеттіліктері туындаған сайын ғылымның саралануы (дифференциация) мен мамандану тенденциясы байқалады, яғни негізгі ғылымды өз бетінше дамып келе жатқан бірқатар жеке салаларға бөлу. Екінші жағынан, бірқатар мәселелерді шешуде интеграция құбылысы, зерттейтін объектісі бір, бірақ әр түрлі жағынан қарастыратын бірқатар тәуелсіз ғылымдардың бірігуі байқалады» (Галагузова, 2000: 53). Ғалымның пікіріне сүйенетін болсақ, ұсынылып отырған пән заман талабына, ғылымның даму процессіне сай және мәселені шешу жолдарының бірі деп те қарастыруға болады. Сондықтан да «Балалық шақты әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан қорғауды» құқық пен баланың өзара әрекеттесуінің жалпы және нақты әлеуметтік заңдылықтары мен тетіктерін зерттейтін ғылыми пән ретінде әрекет етеді деп жоспарлаудамыз. Әлеуметтік педагогтің әлеуметтік-құқықтық құзіреттілігі түрлі дағдылардың жиынтығын құрайды, оған, құқықтық білім деңгейі, ол білімді жүзеге асыратын біліктілік пен дағдылар қажет. Әрине, әлеуметтік педагогтерді жоғары оқу орындарында құқықтық сауаттылыққа оқыту бұл тек алғашқы қадам, негізгі білім тәжірибемен келеді.

Профессор Л.В. Мардахаев: «Қиын жағдайға түскен адам мемлекеттің, қоғамның, қасындағы адамдардың көмегіне мұқтаж. Ондай көмек қиындықтарды жеңуге, «Менін» бекітіп және өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Балалар мұндай жағдайда көбінесе қорғалмағандықтан әлеуметтік педагогтердің ерекше қолдауына мұқтаж болады» (Мардахаев, 2005: 175), - дейді. Яғни, әлеуметтік педагогтің көмегі, қиындыққа түскен балаға я жасөспірімге әр уақытта қажет. Сондықтан да баланың әлеуметтік құқықтарын білу, әлеуметтік педагог үшін өте маңызды. Балаларға я жасөспірімдерге әлеуметтік

құқықтық көмек көрсетудің негізгі мақсаты - заңды құқықтарын сақтау мен осы бағытта дұрыс ақпарат беру. Бұдан шығатын қорытынды, әлеуметтік педагог құқықтық қызмет көрсете алмаса да, бірақ, бірнеше мәселеге байланысты араласуына мүмкіндік бар деп есептеуге негіз бар. Олар - әлеуметтік құқықтық қолдау мен құқықтық сауаттылыққа баулу. Құқықтық сауаттылыққа баулу негізінен ақпараттың қол жетімді болған кезінен басталады. Оған негізгі құралдар ретінде лекциялар мен практикалық сабақтарды, бұқара ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер мен құқықтық орталықтарды пайдалануға болады. Тіпті кино мен театрлық қойылымдарды, теле-радио хабарларды да атауға болады.

Әлеуметтік құқықтық қолдау заңнамада білімділік пен қабілеттілікті қажет етеді. Кейбір қоғам мүшелерінің құқықтық сауаттылығының бүгінгі ХХІ ғасырдың өзінде қарапайым түсініктердің және біліктіліктің аздығын байқауға болады. Әрине оған ешкімді кінәлай алмаймыз. Бірақ көз жұмып өтіп кетуге және болмайды. Сондықтан да жоғары оқу орындарында дайындалып жатқан болашақ кәсіби әлеуметтік педагогтардың құқықтық сауатты болуы, өте маңызды. Қазіргі жағдайда Қазақстан қоғамындағы құқықтық әлеуметтену институттарының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі – халықтың құқықтық білімін арттыру мәселесі. Бірінші кезекте заңға сәйкес әрекет етпес бұрын, адам оны білуі керек екендігі түсінікті. Халықтың құқықтық санасында негізгі құқықтық принциптердің мәні мен рөлі туралы «заңды білуім тиіс» немесе «заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды» деген презумпциясы жатады. Оған қоса құқық қорғау органдары да өз қызметінде заң ресми түрде жарияланғаннан кейін азаматтар оны білуі керек деген түсінікпен жүретіні белгілі. Бұл әрине екі арадағы түсінбеушіліктер мен қарама-қайшылықтарға да әкеліп жатқаны белгілі. Осы орайда В. В. Лапаеваның пікірі әділ деп есептейміз: «Бүгінгі уақытта құқықтық білімнің презумпциясы мен адамнан жаңа заманға ыңғайлануын талап ететін құқықтық білімнің көлемі арасындағы алшақтық айқын көрініп тұрған

жағдайда құқықтық реттеу жүзеге асып жатыр» (Лапаева, 2005:120).

Әлеуметтік педагогтың балаға немесе қажеттілікке қарай ата-анаға әлеуметтік құқықтық қолдау көрсетудегі мақсаты – белгілі бір бала немесе жасөспірім мәселесіне байланысты кәсіби әлеуметтік құқықтық көмек беру.

«Әлсіздікті, қажеттілікті және тәуелділікті шекті емес, контекстік және қиылысатын элементтер ретінде қарастырған жөн» (Verza, 2022: 211-230), - деп санайды Болон университетінің профессоры Аннализа Верза.

Әлеуметтік құқықтық қолдаудың міндеттеріне төмендегі баптарды жатқызуға болады:

- құқықтары жайында мәлімет беру;
- қалыптасқан мәселе жайында жан-жақты талдау;
- шығу жолдарын қарастыру;
- көмек бере алатын мемлекеттік қызметтер жайында ақпараттарды жеткізу;
- құқықтық-нормативтік актілерді түсіндіру;
- өтініш, арыз жазуға көмектесу.

Әрине, әлеуметтік педагогтің әлеуметтік құқықтық жағынан сауатты болуы оның құзіреттілігінің қалыптасуына байланысты.

«Ақпараттық келісім заңдық доктрина, сонымен қатар этикалық негіздемесі бар идея болғандықтан, этика мен практика контексіне сүйенеді» (Pösö, 2022: 52-65), деп жазды Тарья Песе сынды финляндия ғалымы.

Бүгінгі технология дамыған, сауатты қоғам қалыптасқан уақытта әлеуметтік педагог тек қана білім және қабілетпен қаруланғаны жеткіліксіз, сонымен қатар жеке тұлғалық қасиеттерінде дамыту қажет. Айтар болсақ:

- заңнама бойынша түрлі салалары бойынша білімі, жақсы кәсіби дайындығы болуы керек;
- құқықтық мәдениеті жоғары, жан-жақты білімді;
- қоғамдағы саяси, әлеуметтік, экономикалық ақпараттардан хабары бар, әлеуметтік топтар туралы терең мағлұматтарды білетін адам болуы тиіс;
- позициясына берік, өзінің іс-әрекетінің нәтижесін болжай алуы керек;

- өзіне жетім, қиын жасөспірімдерді, мүгедек балаларды қарата білу;

- кәсіби шеберлігін жақсы түсіну, жан-жағындағы ортасына сенім туғыза білу, кәсіби құпияны сақтай білу, әрбір сұраққа әдепмен жауап беру қажет (Холостова, 1993: 15).

Әлеуметтік-құқықтық күзiреттiлiк азаматтардың барлық өмірлік аспектілерін қамтыған сайын, әлеуметтік-құқықтық қарым-қатынастар туралы тәжірибие де жинақтала береді. Сондықтан бірінші кезекте әлеуметтік педагогтерді дайындауда оларды нормативтік-құқықтық базамен барынша қамтуымыз керек.

Бала құқығы халықаралық дәрежедегі мәселе. Әлеуметтік қиындыққа душар болған бала, бұл тек мемлекеттік деңгейде қарастырылатын мәселе емес, халықаралық дәрежедегі де мәселе. Профессор Г.Ж. Мендібекова бұл жайында былай дейді: Халықаралық әлеуметтік қызметкерлер Федерациясы (IFSW) біздің алдымызға келесі міндеттерді қояды:

- кәсіптік құндылықтарды, стандарттарды, этиканы, адам құқықтарын, оқытуды және жұмыс жағдайларын ескере отырып, ынтымақтастық арқылы әлеуметтік жұмысты мамандық ретінде дамытуға ықпал ету;

- мемлекеттердің әлеуметтік саясатын қалыптастыруға және іске асыруға әлеуметтік қызметкерлердің қатысуын жандандыру;

- «әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын кеңейту және тереңдету;

- барлық елдердің әлеуметтік қызметкерлерінің ынтымақтастығына ықпал ету;

- әлеуметтік даму және әл-ауқат мәселелерімен айналысатын халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас орнату және қолдау;

- әлеуметтік білім беру жүйесін жетілдіру.

Бұл міндеттер әлеуметтік сала үшін кадрларды кәсіби даярлау үшін әлеуметтік жауапкершілікті едәуір арттырады, ал халықтың қазіргі заманғы проблемалары (кедейлік, жұмыссыздық, аштық, нәсілдік және ұлттық кемсітушілік және т.б.) әлеуметтік әріптестікті

жандандырады, қоғамдағы білімнің дамуы, мемлекеттің әлеуметтік саясатын іске асыруға бағытталған зияткерлік және еңбек ресурстарын жұмылдыру және шоғырландыру процесін жеделдету қажеттілігін тудырады (Менлибекова, 2012: 23-24). Сондықтан бала құқығын халықаралық деңгейде де қорғай алуымыз қажет. Әлеуметтік педагогтар түрлі конвенциялар туралы хабарлары болу шарт. Қажет уақытта пайдалана алуы керек. Мысалға, Біріккен Ұлттар Ұйымының «Бала құқықтары туралы конвенция», «Жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас туралы конвенцияны бекіту туралы» №138 Конвенция, Біріккен Ұлттар Ұйымының «Бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмағандарға қатысты ережелер», БҰҰ-ның «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау жөніндегі нұсқаулығы» (Эр-Рияд принциптері негізінде, 1990), Біріккен Ұлттар Ұйымының «Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелер» («Пекин ережелері»), «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы», «Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенцияны ратификациялау туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары және көптеген басқа да заңдарды атауға болады. Әрқайсысы - өз алдына бір тақырып.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, балалық шақ-организмнің қалыптасып, жеке өмірлік циклдің, әлеуметтік-биологиялық, білім жүйесін, нормаларды, құндылықтарды, әлеуметтік рөлдерді интерьерлеу кезеңі. Осы уақыттағы еркіндік, қызығушылық, қарым-қатынастарды орната білу, ортасымен етене араласу оның болашағын анықтайды. Сондықтан да аталған уақытты барынша кері әсерлерден, келеңсіз жағдайлардан қорғау мен қорғануға баулу өте маңызды. Көтеріп отырған мәселе, балалық шақты

элеуметтік-құқықтық тұрғыдан қорғау – бұл элеуметтену процесінде проблемалары бар балаларға бағытталған, элеуметтік, саяси, экономикалық, құқықтық, психологиялық, педагогикалық, медициналық, экологиялық және рухани мәселелеріді қоғамның барлық деңгейлерінде кәсіби түрде реттейтін жүйе. Сонымен қатар, балалардың рухани-адамгершілік қалыптасуы, жұмыс істеуі және дамуы, олардың құқықтары мен адамдық қадір-қасиетіне нұқсан келтірудің алдын алу, оларға өз қабілеттеріне сенімді болуға, белсенділікті оятуға, өзін-өзі қорғауға дайын болуға және элеуметтік толыққанды тұлғаны қалыптастыруға көмектеседі. Бүгінгі таңда әлемді шарпыған эпидемияға қарсы карантиндік шаралар, Алматы мен облыстарда болып өткен митингілер мен олардың қайғылы қорытындысы, балалар өлімі, жетім қалған балалар, жарақат алған жеткіншектер, куә болып психологиялық соққы алғандары қанша ма? Барлығына бірінші кезекте кәсіби көмек беретін балабақша, мектеп, интернат, колледж психологтары мен элеуметтік педагогтар болуы керек. Қазіргі кәсіби элеуметтік-педагогикалық қызметтің сипаты мамандардың элеуметтік-құқықтық құзыреттілігіне жоғары талаптар қояды, бұл өз кезегінде болашақ элеуметтік педагогтердің кәсіби және құқықтық бағыттағы дайындығы жоғары болуы үшін жоғары оқу орындарында арнайы түрде пән арқылы дайындауды қажет ететінін көрсетеді.

Әдебиеттер

- DEVANEY, C., McGregor C., Shaw A. (2022). Understanding System Change in Child Protection and Welfare. – Routledge, <https://bala.stat.gov.kz/kz/category/sotsialnaya-zaschita-detej/> <https://testcenter.kz/stats/statisticheskie-dannye-konkursa>
- PÖSÖ, T. Children’s consent to child welfare services: Some explorative remarks //Children & Society. – 2022. – Т. 36. – №. 1. – С. 52-65.
- VERZA, A. (2022). – et al. Vulnerability, justice and care //Oñati Socio-Legal Series. –Т. 12. – №. 1. – С. 211-230.
- ГАЛАГУЗОВА, М.А. Социальная педагогика: Курс лекций/под общей ред. М.А. Галагузовой. (2000). М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС,
- ЛАПАЕВА, В.В. (2005). Российская социология права. М.,
- МАЛКОЛМ, Н. Шо. (2019). «Халықаралық құқық». 1-кітап. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры

- МАРДАХАЕВ, Л.В. (2002). Словарь по социальной педагогике. – М.: Изд.центр «Академия»,
- МАРДАХАЕВ, Л.В. (2005). Социальная педагогика. Учебник. — М.: Гардарики.
- МАРДАХАЕВ, Л.В. (2005). Социальная педагогика. Москва: Гардарики,
- МЕНЛИБЕКОВА, Г.Ж. (2012). Компетентностный подход в социальном образовании: теория и практика.// Қазақ білім академиясының баяндамалары. 3-4/2012 - 23-24 бб.
- ХОЛОСТОВА, Е.И. (1993). Профессиональный и духовно-нравственный портрет социального работника. М., 15 бет.

